

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 765

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 U000334_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі және Экономика министрлігі 2001 және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде бюджеттік заңнамада көрсетілген қорғанысқа арналған шығыстардың елдің ішкі жалпы өнімінің кемінде 1 пайызын құрайтын және секвестрлеуге жатпайтын деңгейінің негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін кепілдікті бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қорғаныс министрлігі 2001 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде "Әскери жағдай туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Республикалық ұланы (келісім бойынша) және Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы

N 334 Жарлығынан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 220

R000220_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарында:

1) реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-1, 30-2-жолдармен толықтырылсын:

"30-1 Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы	Қорғанысмині	сәуір мамыр маусым
---	--------------	--------------------

30-2 Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы	Энергоиндустсаудаминінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті,	сәуір мамыр маусым
	Қорғанысмині	".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.